

2025-2026 оқу жылында «Болашақ» шағын орталығының Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру бойынша мониторингтің бастапқы кезеңінің нәтижелері туралы ақпарат

Ағымдағы жылдың қыркүйек айында 2025-2026 оқу жылында мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларын дамыту деңгейінің балалардың жасына сәйкес Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнында айқындалған күтілетін нәтижелерге сәйкестігін анықтауға мүмкіндік беретін бастапқы мониторинг жүргізілді.

Бастапқы мониторинг барысында **8** тәрбиеленуші қамтылды, оның ішінде:

1 жастағы балалар-3 бала,(ерте жастағы балалар мониторингпен қамтылмады)

2 жас-1 бала (кіші топ)

4 жас -4 бала (ересек топ)

«Болашақ» шағын орталығында ерте жастағы балалары мен мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиеленушілері мониторингпен қамтылмаған, өйткені үлгілік бағдарламаның мазмұнын алғаш рет игеруде және оларға бастапқы бақылау жүргізілмейді. Және ортаңғы топ жастағы бала болмандықтығынан мониторингпен қамтылмаған

Осылайша, жасына қарай тәрбиеленушілер қамтылды:

-кіші топ (2 жастағы балалар) – 1 бала

-ересек топ (4 жастағы балалар) – 4 бала

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған балалар мен педагогтердің күтілетін нәтижелердің жетістіктерін бақылау мониторингінің бастапқы кезеңінің нәтижелеріне сәйкес жалпы орташа көрсеткіш келесідей:

-кіші топ (2 жастағы балалар) – біліктер мен дағдылардың жоғары және орташа деңгейі 1 тәрбиеленушіні құрады, бұл 25%;

-ересек топ (4 жастағы балалар) – біліктер мен дағдылардың жоғары және орташа деңгейі 4 тәрбиеленушіні құрады, бұл 30 % ;

Мониторинг жасына сәйкес тәрбиеленушілердің физикалық, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық және зерттеу, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларының қалыптасу динамикасын бақылауға мүмкіндік береді.

Мониторингтің бастапқы кезеңінің үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын игеру деңгейінің төмендеуі мынадай факторларға байланысты: мектепке дейінгі ұйымдарға бармаған, отбасында тәрбиеде және оқуда болған балалардың үлесін ұлғайту;

ҮОБ МДТББ мазмұнына сәйкес мониторинг индикаторларын ұлғайту. Сонымен қатар, критерийлер бойынша бағдарламаның мазмұнын игеру деңгейін талдай отырып, "қалыс қалу" «Коммуникативтік дағдыларды дамыту»

Осы бөлімнің төмен критерийлері бойынша келесідей көрсеткіштер айқындалды:

Кіші топ:

- 2-3 сөзден тұратын сөйлемдерді айтады;
- оқылған таныс өлеңдерінде, шығармаларында сөздер мен сөз тіркестерін айтады
- педагогтің көмегімен шағын тақпақтарды қайталап айтады

Ересек топ:

- сан есімдерді, септіктерде, жекеше және көпше түрде байланыстырып айтады:
- кітаптардағы суреттерді өз бетінше, басқа балалармен бірге қарайды, көрген суреттері бойынша өз ойларын айтады
- күнделікті өмірде қолданылатын сөздердің мағынасын түсінеді және оларды дұрыс айтады
- қарапайым сөйлемдер құрайды, қарапайым сұрақтарға жауап береді.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде: әзірлеген мектеп жасына дейінгі балалардың мектепке дайындық деңгейін айқындау бойынша әдістемелік ұсынымдарды пайдалану;

Балалардың денсаулығын сақтау мен нығайту бойынша жұмысты жалғастыру;

Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық белсенділігін, білімге құмарлығын, зейін, есте сақтау қабілетін дамыту .

Бастапқы мониторинг мәліметтеріне сүйене отырып, тәрбиеленушілердің жеке карталары толтырылады, тәрбиелеу-білім беру процесінің сапасын арттыру бойынша әр баламен жеке жұмыс жыл ағзысында жүргізу.

Мониторинг жылдық:

2025-2026 оқу жылының мониторинг көрсеткіштері мынандай:

Бастапқы бақылау

топ	Бала саны	Төмен	орташа	жоғары	Жалпы %
Ерте жас топ	3	-	-	-	-
Кіші топ	1	75	25	-	100%
Ересек топ	4	70	30	-	100%
	8				

Жарты жылдық бақылау

топ	Бала саны	Төмен	орташа	жоғары	Жалпы %
Ерте жас топ	3	7%	93%	-	100%
Кіші топ	1	20%	80%	-	100%
Ересек топ	4	14%	86%	-	100%
	8				

Қортынды

топ	Бала саны	Төмен	орташа	жоғары	Жалпы %
Ерте жас топ	5	5%	95%	-	100%
Кіші топ	1	15%	85%	-	100%
Ересек топ	4	-	5%	95%	100%
	10				

Қорытынды есеп

2025–2026 оқу жылы бойынша «Болашақ» шағын орталығында білім сапасына жүргізілген мониторинг нәтижелері төмендегіні көрсетті.


Жыл басындағы бастапқы бақылауда балалардың білім деңгейі әртүрлі болды. Кіші топта төмен деңгей – 75%, орташа – 25% болса, ересек топта төмен деңгей – 70%, орташа – 30% болды. Бұл кезеңде жоғары деңгейдегі көрсеткіш байқалмады.

Жарты жылдық бақылау нәтижесінде айтарлықтай оң өзгерістер анықталды. Ерте жас тобында балалардың 93%-ы орташа деңгейге жетіп, төмен деңгей 7%-ға дейін азайды. Кіші топта орташа деңгей 80%-ға, ересек топта 86%-ға көтерілді. Барлық топтарда жалпы көрсеткіш 100%-ды құрады.


Жыл соңындағы қорытынды мониторинг нәтижесі білім сапасының тұрақты өскенін көрсетті. Ерте жас тобында орташа деңгей 95%-ға жетіп, төмен деңгей 5%-ға дейін қысқарды. Кіші топта орташа деңгей 85%, төмен деңгей 15% болды. Ересек топта жоғары деңгей айқын өсіп, 95%-ды құрады, орташа деңгей 5% ғана қалды.

Қорытындылай келе, оқу жылы барысында жүргізілген жүйелі жұмыс нәтижесінде барлық топтарда білім сапасының айтарлықтай артқаны байқалады. Төмен деңгейдегі көрсеткіштер азайып, орташа және жоғары деңгейдегі балалар саны көбейді. Бұл педагогтардың тиімді әдіс-тәсілдерді қолдануы мен жоспарлы жұмыстың нәтижелі болғанын көрсетеді.


Бастапқы мониторинг



Жарты жылдық мониторинг



Қорытынды мониторинг



2025-2026 оқу жылы қорытынды мониторинг диаграммасы

